

Қойбақова А.С.

Қытай тіліндегі туыстық атаулардың қолданылуы мен жасалу әдістері

Қытай ұлтының туыстық қатынастағы адамдардың атауы өте анық туыстық аталу жүйесі болып табылады. Басқа тілдермен салыстырғанда атаулар саны көп және өте байыппен бөлінген. Әр туыстар арасындағы адамға жеке атаулар берілген. Бұл атаулардың қалыптасуына осы ұлттың ұлттық мәдени ерекшеліктері әсер етті. Бұл мақалада осы туыстық атаулардың қолданылуы мен жасалу әдістері жайлы қарастырылып, мысалдар келтіріледі.

Түйін сөздер: атау сөздер, термин, лингвомәдениет, апеллатив, лексикалық категория, референтивті атаулар, вокативтер.

Koymbakova A.

Using and methods of formation of kinship addresses in chinese languages

Kinship addresses in the Chinese people very perfect mate system. In comparison with other language and the amount of handling large finely distributed. Each family member are given a separate treatment. The formation of these outstanding cultural characteristics influenced people of this nation. This article discusses the using and methods of formation of kinship addresses in chinese and leading examples.

Key words: addresses, linguoculture, appellative, lexical category, referentive terms, vocative.

Койбакова А.С.

Использование и методы образования родственных обращений в китайском языке

Родственные обращения китайского народа – очень совершенная родственная система. По сравнению с другим языком здесь большое количество обращений и они тонко распределены. Каждому родственнику дано отдельное обращение. Формированию этих обращений способствовали народные культурные особенности этого народа. В этой статье рассматриваются использование и методы образования родственных обращений, также приводятся примеры.

Ключевые слова: обращения, термин, лингвокультурология, апеллатив, лексическая категория, референтивные обращения, вокативы.

ҚЫТАЙ ТІЛІНДЕГІ ТУЫСТЫҚ АТАУЛАРДЫҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ МЕН ЖАСАЛУ ӘДІСТЕРІ

Қытай тілінің туыстық жүйесіне жасалған тарихи зерттеулер мен талдаулардан оның өте күрделі, тұрақты екенін көреміз. Бұл туыстық жүйе Х ғасырда қалыптасып, осы күнге дейін жалғасын тауып отыр.

Қытай дәстүрлі қоғамында рулық тәртіппен қандастық алдыңғы орынға қойылған. Соның ішіндегі ұрпақ жалғастыру міндеті тек әкеден балаға берілетін болғандықтан, аталас туыспен шеше туысы деген ұғымдарға ерекше мән беруді талап етеді. Соның нәтижесінде, аталас туыстық (өз жұрты) және шеше туысқандары (нағашы жұрты) болып екі тармаққа бөлінеді. Туыстық атаулардың негізгі пайда болатын жері – некелесу. Еркек пен әйел некелесіп, отау тіккеннен кейін екі жақ бірдей түскен ортасындағы отбасы мүшелерін арнайы атауымен атай бастайды. Міне, осыдан бастап «қайын жұрт» деген туыстық термин пайда болады. Қайын жұрттың өз ішіндегі жас ерекшелігі, жыныс ерекшелігі, жолы бойынша тағы да жеке атауларға бөлінеді. Осыған орай халық арасында «三亲六戚» [sanqinliuqi] (қазақ тіліндегі «жігіттің үш жұрты») деген сөз қалыптасқан [2].

Қытай тілі аталас туысқандар арасында туыстық атауларды қолдануда ата жолының ретін сақтауды бірінші орынға қояды. Кіші буын аға буынға әрдайым сый-құрмет көрсетіп, аға буынның алдында басын иуі керек. Сол себептен кіші буын аға буынға туыстық атаудың қай түрі болмасын (вокативті не референтивті) орынды қолданып одан мүлт кетпеуі тиіс. Мұнда ең алдымен ата жолына назар аударылғандықтан, айтушы қарым-қатынас барысында туысқан тұлғаның жасына емес, жолына қарайды.

Қытайдың туыстық жүйесінде атаның жолына қатты көңіл бөлетіндіктен, «排行» [páiháng] тәртібін қатаң сақтауды талап етеді. Ол бойынша, егер бір буындағы аға өкілдері бірнешеу болса, оларды жас ерекшеліктеріне қарай, 大伯 [dàbó] – әкенің үлкен ағасы, 二伯 [èr bó] – әкенің екінші ағасы және 大嫂 [dàsǎo] – үлкен жеңге, 二嫂 [èr sāo] – екінші жеңге тағы сол сияқты рет-ретімен ат қойыла береді. Аға буын жас ұрпақты тіке атымен немесе бала кезде қойылатын атымен атаса болады. Олар туыстық атауды парықтап ажыратып жатпайды [1].

Қазіргі қытай конституциясына сәйкес, тікелей туыстық қатынастағы адамдар арасында үш ұрпақтың ішінде қыз алысуға тый-

ым салынған. Бірақ ел арасында кейбір жерлерде бес атаға дейін шектесе, кейбір жерлерде керісінше туысқан тұлғалар үш атаға жетпей қыз алысып, заңға қайшы келіп жататын тұстары да бар.

Көне Қытайда қыз айттыру салтына сәйкес күйеу бала тұңғыш рет қалыңдығын көруге барған кезде кішкентай тақтайшаға өзіне дейінгі үш атасының аты-жөнін жазып өзімен бірге алып барып, келешек қайын жұртына өз жұртын таныстырған. Осыған қарап қытай халқы некелесу барысында экзогамиялық тәртіпті толық тұтынбайтынын көреміз.

Туыстық қатынастағы қыздың орны қытай халқы үшін де қазақ халқы үшін де бірдей болғанымен, нақты қыз балаға қатысты әр халықтың өз ұстанымы бар. Мысалы, ортағасырлық қытай қоғамында «重男轻女» [zhòngnán qīng nǚ] яғни ұл баланы қыз баладан артық санау күшті болса, қазақ халқында «қыз – қонақ», «қыздың жолы жіңішке» деп қыз баланы алақанға салып, аялап, ренжітпеген. Тіпті осы қыздан тараған ұрпақ пен оның нағашы жұрты арасында қолданылатын атаулардың өзінен-ақ қытай халқында қызды туыстықтан шеттеткенін байқауымызға болады. Мысалы, нағашы ата немесе нағашы апа атауларының референтивті формаларына «外» [wài] – «шет, бөтен, жат» деген мағынадағы иероглиф тіркесіп келсе, одан бөлек нағашы аға-інілеріне «表» [biǎo] – «сырт, тыс» мағынадағы сөздермен берілген. Осы атаулардың вокативті формалары ғана сол алыстықты біраз жақын қылып көрсетеді, мысалы, 外公 [wàigōng], 老爷 [lǎoyé], 外婆 [wàipó], 老老 [lǎolǎo] – нағашы ата, апа т.б.

Қолданылуы жағынан қытай тіліндегі туыстық атаулар күрделі. Олар айтылатын ортаға, айтушыға және атаушының қатысына, ерекше мәдени жағдайына және тілдік жай күйіне байланысты пайда болып әрі өзгеріп отырады. Төменде оның қолданылу түрлеріне тоқталамыз.

Біріншіден, туыстық байланысы жоқ адамдарға қатысты туыстық атауларды қолдану. Бұл күнделікті тұрмыста кеңінен қолданылады. Мысалы, көршіні немесе жақсы араласатын адамды аға (大爷) [dàyé], тәте, апа (大妈) [dàmā], көке (叔叔) [shūshu], келін (婶子) [shěnzǐ], аға (大哥) [dàgē], әпке (大姐) [dàjiě] т.б.

Екінші, туған бауырларын атайтын сөздерді алыс туыстарға қолдану. Мысалы, қазіргі қоғамдағы бір жанұяға бір бала саясаты бойынша көптеген отбасында бір баладан ғана бар. Бұл балалар көбінесе өздерінің нағашы ата-әжесін «ата, әже» (爷爷, 奶奶) [yéyé, nǎinai] деп атайды, «нағашы ата, нағашы апа» (老爷, 姥姥, 外公, 外婆) [lǎoyé, lǎolao, wàigōng, wàipó] деп атамайды.

Бұдан бөлек, «көке» (әкесінің құрдастары немесе одан жасы кіші туыс) (族叔, 族兄, 堂表叔, 堂叔伯表姐) [zú shū, zú xiōng, táng biǎo shū, táng shūbai biǎojiě] сияқты алыс туыстық байланысты білдіретін атаулар жақын туыстарды атауға да қолданыла береді.

Үшінші, ата-аналарын атағанда «әке, шеше» (母亲, 父亲) [mǔqīn, fùqīn] деген атауларды қолданбайды. Оған мағынасы жақын атауларды, мысалы, «аға, әпке, көке, жеңге» (兄, 姐, 叔, 婶) [xiōng, jiě, shū, shěn] сияқтыларды қолданады. Халық арасындағы аңыз бойынша жас ата-аналар балаларына бас көз бола алмай қалады, балаларынан айырылып қалады деген қорқыншыпен, балаға әке шешесін тікелей атауға рұқсат бермеген.

Ерте заманғы қытай тілінде дара буынды атаулар көптеп кездеседі. Мысалы: 舅-[jiù]-нағашы аға, 姑 [gū] -нағашы тәте, 父 [fù]-әке, 翁 [wēng]- ата, 妾 [qiè] – әйел, 公 [gōng]- күйеу, 君 [jūn]- мырза, 母 [mǔ]- ана, 姬 [yì]-апа [3]. т.б. Бұл туыстық атаулар дыбыс пен мағынасына қарай еркін тіркесу жолымен жасалған. Қытай тіліндегі, әсіресе, осы заманғы қытай тілінің екі буындылыққа қарай дамуына байланысты, екі және көп буынды атаулар көптеп жасалып, қытай тілінің сөздік қорынан ойып орын ала бастады.

Туыстық атаулар қандай жүйеге кірмесін, негізінен, қолданылуына қарай мынандай екі түрге бөлінеді. Біріншісі – сирек қолданылатын немесе қажеттіліктің тууына қарай оңай жасала салатын туыстық атаулар. Екіншісі – өзекті туыстық атаулар, яғни ұдайы қолданыста жүретін белсенді туыстық атаулар тобы. Қытайдың жазбаша тіліндегі туыстық атауларының көп бөлігі сирек қолданылатын туыстық атаулар, ал ауызекі тілдегі туыстық атаулардың бәрі бірдей өзекті туыстық атауларға жатады. Сол себептен жазбаша тілде туыстық атаулардың жалпы саны 274 болса, ауызекі тілде 66-ға әрең жетеді [2].

Жазбаша тілдегі туыстық атаулардың көп болуын, біріншіден – ол атаулардың жаппай сипаттамалық туыстық атауларға жатуымен түсіндірсек, екіншіден – патриархалды феодалдық қоғамның тәртібіне сәйкес «тоғыз ата» – «九族» (jiuzū) деген түсінік болған. Сол «九族», анығырақ тоқталсақ «эгоға» дейінгі төрт ата, олар: 父 (fù) – әке, 祖 (zǔ) – ата, 曾祖 (zēngzǔ) – үлкен ата (атаның әкесі), 高祖 (gāozǔ) – баба (үлкен атаның әкесі) және «эгодан» кейінгі төрт ұрпақ, 子 (zǐ) – бала, 孙 (sūn) немере, 曾孙 (zēngsūn) – шөбере, 玄孙 (xuānsūn) – шөпшек [2]. Осы тәртіппен жоғарыдан төмен тарайтын және «эгоға» жанама туысатын туысқан тұлғалардың ұрпақта-

рының жолының үлкендігіне не кішілігіне қарай патриархаттық мұрагерлікке бекітті. Одан бөлек «丧服» (sangfu) – «қаралы киім дайындау» рәсімі – осы көрсетілген шеңбердегі туысқан тұлғалардың жолы үлкен адамдары дүниеден өткенде орындалады. Міне, осының салдарынан туыстық атаулардың саны өздігінен-ақ көбейіп шыға келеді. Ал ауызекі тілде ол туыстық атаулар туыстығы алшақтаған сайын туыстықтан ажыратылып тасталынды. Одан бөлек, ауызекі тілде туыстық жүйенің тізбегі тоғыз ата емес, бес атамен шектеледі. Олар: «эгоға» дейінгі екі ата, 父 (fu) - әке, 祖 (zu) – ата болса, «эгодан» кейінгі екі ұрпақ, 子 (zi) – бала, 孙 (sun) немере болады [3].

Туыстық атаулардағы негізгі шекараларға бетпе-бет атау және сырттай атауды жатқызамыз. Туыстарды атауда бетіне және сырттай атауға болады. Бұл туыстық атаулардағы маңызды бөлігі. Кейбір атаулар тек сырттай атауда ғана қолданылады, қаратпа атауда сирек кездеседі. Мысалы: 祖父 [zufu], 祖母 [muqin], 外祖母 [waizumu], 外祖父 [waizufu], 父亲 [fuqin], 母亲 [muqin], 继父 [jifu], 继母 [jimu], 伯父 [bofu], 伯母 [bomu], 堂兄 [tangxiong], 表兄 [biaoxiong], 丈夫 [zhangfu], 妻子 [qizi], 爱人 [airen] т.б. Ал кейбір атаулар тек қаратпа атауда ғана қолданылады, мысалы, 妈咪 [mami] сияқты еркелетіп, жақын тартатын сөздер. 爷爷 [yeye], 奶奶 [nainai], 老爷 [laoye], 姥姥 [laolao], 爸爸 [baba], 妈妈 [mama], 大爷 [daye], 大妈 [dama], 叔叔 [shushu], 婶子 [shenzi], 哥哥 [gege], 姐姐 [jiejie] атаулармен бетпе-бет те сырттай да атай беруге болады [3].

Әдетте туыстық қарым-қатынаста вокативтерді қолдану көбірек кездеседі. Себебі, вокативтерді қолдану адамдардың бір-біріне деген жақындығы мен сый-құрметті ресми атаумен шектемей, одан да жақын етіп көрсету үшін керек. Мысалы: 父亲 [fùqīn]– 爸爸 [bàba]- әке ; 母亲 [mǔqīn] – 妈妈 [māmā] - шеше ; 伯父 [bófù] – 大爷 [dàyé]– үлкен әке (әкенің ағасы) ; 伯母 [bómǔ] – 大娘 [dàniáng] - үлкен шеше (әкенің ағасының әйелі) т.б. Ал 堂兄弟 – немере ағайыны, 堂姐妹 – немере апа-қарындас, 表兄弟 [táng xiōngdì] – нағашы аға-іні, 表姐妹 [biǎo jiěmèi] – нағашы апа-қарындас сияқты атаулардың вокативтеріне «堂» [táng], «表» [biǎo] иероглифтері әдетте қосылмай тек 兄弟 [xiōngdì], 姐妹 [jiěmèi] деп атай береді. Ал келін сол түскен шаңырақтың бір мүшесі болып кеткендіктен, күйеуі қандай вокатив қолданса, сол атауларды ол да қолдана береді.

Қытай тіліндегі туыстық атаулардың бірнеше жасалу әдістері бар.

(1) Дара түбірлер арқылы. Мысалы: 父 [fù], 爸 [bà], 妈 [mā], 爹 [diē], 娘 [niáng], 兄 [xiōng], 弟 [dì], 姐 [jiě], 妹 [mèi] т.б.

(2) Дыбыстардың қосарлануы арқылы. Мысалы: 奶奶 [nǎinai], 姥姥 [lǎolao], 太太 [tàitai] т.б.

(3) Түбір сөздің қосарлануынан күрделі сөздің пайда болуы. Мысалы: 爷爷 [yéyé], 爸爸 [bàba], 妈妈 [māmā], 伯伯 [bóbo], 叔叔 [shūshu], 婶婶 [shěshēn], 哥哥 [gēgē], 姐姐 [jiějiě], 妹妹 [mèimei] т.б.

(4) Түбір сөздің алдына жалғаудың жалғануы арқылы. Мысалы: 老爹 [lǎodiē], 老亲 [lǎoqīn], 老娘 [lǎoniáng], 阿哥 [āgē], 老公 [lǎogōng] т.б.

(5) Түбір сөздің соңына жалғаудың жалғануы. Мысалы: 婶子 [shěnzi], 姪子 [jìzǐ], 嫂子 [sǎoxi], 小舅子 [xiǎojiùzi], 侄儿 [zhíer], 孙女儿 [sūnnǚ'er], 儿媳妇儿 [érxífùer] т.б.

(6) Түбір сөзге түбір сөздің жалғануы. Мысалы: 父亲 [fùqīn], 母亲 [mǔqīn], 姑父 [gūfu], 姨母 [yímǔ], 叔父 [shúfù], 伯父 [bófù], 姑 [gūniáng], 兄弟 [xiōngdì] [2].

Морфемалардың мағыналық түрлері:

1. Жасы үлкендерді атайтын сөздер: 爷 [yé], 翁 [wēng], 公 [gōng], 父 [fù], 爸 [bà], 亲 [qīn], 母 [mǔ], 妈 [mā], 娘 [niáng], 伯 [bó], 叔 [shū], 姑 [gū], 婶 [shěn], 舅 [jiù], 姨 [yí], 姪 [jì] [2].

2. Жасы қатарлас адамдарды атайтын сөздер: 哥哥 [gēgē], 姐姐 [jiějiě], 妹妹 [mèimei], 弟弟 [dìdì] т.б. [2]

3. Көптеген туыстық атаулар жара және күрделі болып бөлініп, қосарлана қолданыла береді. Бірақ олардың ішінде қосарлауға келмейтіндері де бар. Мысалы, “姨” [yí] жеке қолданылғанмен, “姨姨” [yíyí] деп қосарлана айтылмайды. Сол сияқты, жас ұрпақты білдіретін сөздер де қосарласа алмайды. Мысалы, “儿 [er], 女 [nǚ], 侄 [zhí], 甥 [shēng]” т.б. [3]

Туыстықты білдіретін сөздердің басым бөлігі ер тектік сөздерден шыққан. Мысалы, «孙» [sūn] – немере, «孙女» [sūnnǚ] – немере қыз, «女» [nǚ] – әйел т.б.

Жинақтық туыстық атаулар да ер тектік сөздерден шыққан. Мысалы, «儿孙» [ersūn] – ұрпақ дегенді білдіреді, оның ішіне ұл, қыз, немере, немере қыз барлығы кіреді. «儿» [er] «ұл» «孙» [sūn] «немере» дегенді білдіреді.

«夫妻» «ерлі зайыптылар» сөзіндегі «夫» [fū]-ері, «妻» [qī] – әйелі деген екі сөзден құралған. Ал сөз тәртібі бойынша бірінші кезекте еркек сөзі тұр. Бұл жағынан қазақ тілімен ұқсастығы айқын көрінеді.

Мәдени идеяның қытай ұлтының атауларына тигізген әсері және оның алыс және жақын туыстардың ерекшеліктері мен екі жақ қатына-

сының айырмашылығының ерекшелігі жағынан қарастыру. Біз білетіміздей, қытай ұлтының атауларында әке жақты көбірек құрметтейді, ал әйел жақ алыс туысқан болып есептелінеді, осының арқасында әке жақ болсын, шеше жақ болсын туыстық атаулар анық бөлініп отырды, осы себепті қандас бауырластың алыс-жақындығын анықтау, алыс-жақын туыстар, бұларды атау жағынан алып қарағанда, екі жақ қатынасының ерекшеліктерінің пайда болуына әсер етті. Шеше жақтағы туыстық атауларды әке жақтың туыстық атауларынан ерекшелеп «外» [wai] деген иероглиф қосылып жазылады, жоғарыда айтып өткендей, әкенің әке-шешесін ата-әже-外祖父 [waizufu] деп атайды, шешенің әке-шешесін нағашы ата-әже - 外祖母 [waizumu] деп атайды, үлкен аға мен кіші ағаның балаларын жиен аға – 堂哥 [tangge] жиен әпке – 堂姐 [tangjie], жиен іні – 堂弟 [tangdi], жиен қарындасы- 堂妹 [tangmei] деп атайды. Кейде «tang» иероглифі түсіп қалып аға – 哥 [ge], іні – 弟 [di], әпке – 姐 [jie], қарындас – 妹 [mei] деп атайды. Ал шеше жақтағы аға мен ініге, әпке мен қарындасқа «biao» иероглифін қосып шығады. Бір «外» [wai] иероглифі, бір «表» [biao] иероглифі, егер бөлетін болсақ қытайлықтардың жүрегінде шеше жақтың туыстары әке жақтың туыстарына қарағанда туыстық қарым-қатынастары алысырақ, қандас бауырлас арасындағы қарым-қатынас әлсіздеу, әрине бұл қытай халқының «әйел адам ер адамнан төмен» деген түсінігінен келіп шыққан, отбасында туыстық қарым-қатынас бала арқылы ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отырады. Бұл сонымен бірге туыстық атаулардың мәдени идеясын дамытатын жақсы концепция. Ал басқа ұлттардағы туыстық атауларды бұл идея өте аз кездеседі және туыстық атауларды бөлу қарастырылмайды.

Жаңа Қытай құрылғалы бері бірнеше ірі-ірі өзгерістерді басынан кешірген қытай қоғамының туыстық жүйесінің қазіргі жағдайын – бұрынғы дәстүрлі қытай қоғамының туыстық жүйесімен салыстыруға мүлдем келмейді. Әсіресе, соңғы жиырма жылдың көлемінде «жоспарлы туу» саясатының бір отбасына бір баладан артық тууға шектеу қоятын шараларының нәтижесінде пайда болған әке – шеше – бала «үштігі» – қытай тіліндегі туыстық атаулардың дәстүрлі жүйесін күйретті деуге болады. Туыстық жүйедегі тұлғалардың күрт азаюы туыстық атаулардың қолданыстан еріксіз шығып қалуына алып барары хақ. Келешекте әр отбасындағы жалғыз бала үшін «аға-іні», «әпке-қарындас» деген ұғымдардың өзі жат болып қалуы әбден мүмкін.

Морганның айтуы бойынша: «Бір туыстық жүйе кеңінен қолданылған кезде, оның аты мен тәсілі анықталғанда, белгілі бір себептермен бұл жағдайлар өзгере бастайды, себебі барлық адам патриархалдық жүйенің туысқандары, сондықтан бұл жүйедегі адамдар қандас туысқандар болып табылады. Осылайша, барлық адамның әлеуметтік орны туыстық жүйеде өзгеріске ұшырап отырады немесе мүлдем жойылып кетеді, бұл жүйе әлі күнге дейін өзінің үлкен әсерін тигізуде» [2].

Әр халықтың мәдени дәстүрлері, ерте дамыған жазуы – тілдің шын мәнінде дамуына айтарлықтай ықпал етеді. Жалпыға ортақ тілді бұрынғы ауызекі тіл негізінде құралды десек, көне вынян тілі мүлдем жойылып кетті деп кесіп айта алмаймыз, себебі нормативтік қытай тіліндегі кейбір референтивтік атаулардан бұрынғы жазбаша тілдің сипаттары бар екенін анық байқауға болады.

Әдебиеттер

- 1 马宏基《称谓语》，新华出版社，1998年版 马 Хунзи. Қаратпа сөздер. Синхуа баспасы, 1998. 102 -104 б.
- 2 胡士运《汉语亲属称谓语研究》商务印书馆，2007年，北京，394页 胡 Шы Юн. Исследование китайских родственных обращений. – Пекин: Коммерческое издательство, 2007. – 132-145 с.
- 3 Ханзуша -Қазақша сөздік. Синзяң Халық баспасы.1987 ж. 67-90 б.

References

- 1 Ma Hongji, Chengweiyu, Xinhua chubanshe, 1998 nianban. 102 -104 p.
- 2 Hu Sheyun, Hanyu qinshu chengweiyu yanjiu, shanwu yinshuashuguan, 2007 nian, Beijing, 394 p.
- 3 Hanzusha –Kazakhsha sozdik. Xinjiang Halyk basapasy. 1987 g. 67-90 p.